

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандасы
№ 51 бүйрүғына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бүйрүғына 550 -қосымша

**Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)
«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының
5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – әр түрлі оқу түрлерін қолдана отырып,
мәтінді дұрыс түсінуге үйрету, оқылған сөздерді ұғынуын, байланыстырып
сөйлеуі мен коммуникативтік дагдыларын дамыту.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) сөздердің дыбыстық құрылымын бұзбай, екпінін сақтап мәтіндерді
дұрыс окуды қалыптастыру;
- 2) колжетімді түсінікті шығармаларды мәнерлеп оқу тәсілдерін
менгеруге ықпал ету;
- 3) білім алушылардың ойлау үдерісінің қарқынына сәйкес тез, мәнерлеп
оку дағдысын қалыптастыру.

4. Түзете дамыту міндеттері:

- 1) білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің жетіспеушіліктерін
барынша түзетуге ықпал ету;
- 2) білім алушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлаудын,
ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, корыту, жіктеу) дамыту;
- 3) дербестікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті қалыптастыру.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер